ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2025 жылғы 23 қаңтар Іс №7119-24-00-2/16989 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Астана қаласының Құрылыс басқармасы" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SHEBERBUILD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;
2) өтелмеген алдын ала төлем сомасын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Астана қаласының Құрылыс басқармасы" мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«SHEBERBUILD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«SHEBERBUILD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«SHEBERBUILD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 212 127 516 (бір миллиард екі жүз он екі миллион бір жүз жиырма жеті мың бес жүз он алты) теңге көлемінде өтелмеген алдын ала

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 23.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Бертыбаева С. Т., 20.03.2025
7119-24-3-1/16845

төлем сомасы, 36 363 825 (отыз алты миллион үш жүз алпыс үш мың сегіз жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Көшірмесі дұрыс:
Судья **С.Т.Бертыбаева**
Анықтама: Шешім заңды күшіне енген күні 04.03.2025ж.
Судья **С.Т.Бертыбаева**

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 23.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Бертыбаева С. Т., 20.03.2025